



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Базалық мөлшерлеме неге көтерілді?

Ұлттық банктің Ақша-кредит саясаты комитеті 2022 жылдың 6 желтоқсанынан бастап базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейіне дейін көтеру туралы шешім қабылдады. Шешім инфляциялық қысымды төмендетуге және инфляциялық күтулерді тұрақтандыруға бағытталған. Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов неліктен мұндай шешім қабылдан-

«Айлық мәндегі инфляция туралы айтатын болсақ, биылғы қараша айында бұл алдыңғы 2 аймен салыстырғанда 1,4%-ға дейін баяулағанына қарамастан, көп жылғы орта деңгейден асып, жоғары деңгейде қалып отыр. Халықтың инфляциялық күтулері тарихи ең жоғары деңгейге жақын. Биылғы қараша айында инфляцияны медианалық бағалау 18,2% болды.



ғанын түсіндіріп, қабылданған шаралар қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге және экономика субъектілерінің жинақтау белсенділігін қолдауға мүмкіндік беретінін жеткізді.

Ұлттық банк төрағасының айтуынша, маусым айынан бастап теңгедегі депозиттердің артуы байқалады. Депозиттердің жалпы көлемі тарихи максимум—30 трлн теңгеге жетті. Депозиттердің долларлануы биылғы ең жоғары деңгей—ақпандағы 38,4%-дан қазан айының соңында 35,3%-ға дейін төмендеді.

«Валюта нарығы өз балансын таба бастады. Сәуір айынан бастап Ұлттық банк шетел валютасын сату бойынша интервенциялар жүргізген жоқ. Біз экономикадағы дисбаланстардың жинақталуын болдырмайтын икемді бағам белгілеу режимін ұстануды жалғастырып келеміз. Жалпы, баяулауға қарамастан, кредит беру оң аймақта. Сараланған саясат банктердің экономикаға несие берудің оң өсу қарқынын сақтауға мүмкіндік береді. Мәселен, қазан айында экономикаға берілген кредиттер халық пен бизнеске теңге арқылы несие ұсыну есебінен жылдық мәнде 21,5 трлн теңгеге дейін, 24,9%-ға өсті, ал жыл басынан бері 16,1%-ға өсті. Базалық мөлшерлеме жөніндегі шешім осы процестерді нығайта түседі және орта мерзімді кезеңде инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізуге ықпал етеді», деді Ғ.Пірматов.

Оның сөзіне қарағанда, 24,1%-ға дейін жеделдеген азық-түлік өнімдері бағасының өсуі инфляцияға ең көп үлес қосуда. Базалық инфляция әлі де жоғары деңгейде қалыптасып келеді.

IV тоқсанда кәсіпорындардың инфляциялық күтулері де рекордтық мәнге жетіп, 17,6% болды. Тауар жеткізу жолдарының бұзылуына байланысты тұрақсыз инфляциялық күтулер қысқа және ұзақ мерзімді тауарларды тұтынуды ынталандырып, тұрақты инфляциялық қысымға алып келді, деп түсіндірді.

Ол сыртқы сектордың негізгі факторлары ретінде геосаяси жағдайдың белгісіздігін және әлемдік азық-түлік бағасының жоғары деңгейін атап өтеді. Бұл факторлар алдағы уақытта шешім қабылдау кезінде сүйенетін негізгі қисын болмақ.

«ҒАО индексі биыл қазан айында іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Бұл ретте астық бағасы өткен аймен салыстырғанда 3%-ға көтерілді. Базалық сценарийде азық-түліктің сыртқы бағасының біркелкі төмендеуі күтіледі, бірақ олардың деңгейі жоғары болып қалады. Жаһандық экономиканың баяулауы жалғасуда. Халықаралық валюта қорының соңғы болжамдарына сәйкес әлемдік экономиканың өсу қарқыны осы жылы 3,2%-ға дейін баяулайды. 2023 жылы баяулау жалғасады, өсу қарқыны 2,7%-дан аспайды. Әлемнің көптеген елінде инфляция жеделдеп, бірнеше онжылдықта ең жоғары көрсеткіштерге жетіп отыр. Көптеген елде инфляцияның шарықтау шегіне жетуі 2023 жылғы бірінші тоқсанда, ал оның нысаналы мәндеріне қайтып оралуы 2024 жылдың соңына қарай күтілуде. Осыған байланысты болашақта сыртқы ортаның дезинфляциялық сипатта болатынын күтеміз», деді Ұлттық банк төрағасы.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

Мемлекет басшысы Астанаға ресми сапармен келген Литва Республикасының сыртқы істер министрі Габриэлус Ландсбергисті қабылдады, деп хабарлайды Egeмен.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Кездесу барысында сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға баса мән беріле отырып, Қазақстан мен Литва қарым-қатынастарын дамыту перспективалары, сондай-ақ халықаралық ұйымдар аясындағы іс-әрекет мәселесі талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Габриэлус Ландсбергиске іл-



Президент Литваның сыртқы істер министрін қабылдады

типат білдіре отырып, Литва еліміздің Балтық жағалауы аймағы мен Еуропалық Одақтағы басымдыққа ие серіктесі екенін атап өтті.

Кездесуде үкіметаралық ынтымақтастықты және екі елдің іскер топтары арасында көлік, логистика, құрылыс

және өңдеу өнеркәсібі салаларындағы іс-әрекетті жандандырудың маңыздылығы сөз болды.

Өз кезегінде Габриэлус Ландсбергис Қасым-Жомарт Тоқаевқа, Литва Президенті Гитанас Науседаның жүрекжарды сәлемін және ізгі тілегін жеткізді. Сонымен

қатар Литва Қазақстанды Орталық Азиядағы жетекші сауда-экономикалық серіктес ретінде қарастыратынын атап өтті.

Бұдан бөлек, олар халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мектеп оқушылары қысқы каникулда қанша күн демалады?



Білім министрлігі «Оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімін, сондай-ақ орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттау мерзімін анықтау туралы» бұйрық дайындады, деп хабарлайды Egeмен.kz.

Білім беретін мектептерде оқу жылының басталуы мен аяқталуы үшін келесі мерзімдер белгіленді.

Оқу жылының негізгі мерзімі 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығы:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсан және демалыс ұзақтығы мынандай

тәртіппен бекітілмек:

1 тоқсан - 8 оқу аптасы, күзгі демалыс - 7 күн (31 қазаннан бастап 6 қарашаны қоса алғанда);

2 тоқсан - 8 апта, қысқы демалыс - 9 күн (31 желтоқсаннан бастап 8 қаңтарды қоса алғанда);

3 тоқсан - 10 апта, көктемгі демалыс - 9 күн (18-26 наурызды қоса алғанда);

4 тоқсан - 10 апта. 1 сыныптарда қосымша демалыс - 7 күн (6-12 ақпан аралығын қоса алғанда).

Білім беру ұйымдарының сұранысы бойынша баламалы мерзім (пилоттық, халықаралық мектептер және басқалар):

Ондай жағдайдағы оқу тоқсандарының мерзімдері мынандай тәртіпте ұсынылып отыр:

1 тоқсан - 9 оқу аптасы, күзгі демалыс - 10 күн (23 қазаннан бастап 1 қарашаны қоса алғанда);

2 тоқсан - 9 апта, қысқы демалыс - 15 күн (31 желтоқсаннан бастап 14 қаңтарды қоса алғанда);

3 тоқсан - 9 апта, көктемгі демалыс - 9 күн (20-29 наурызды қоса алғанда);

4 тоқсан - 9 апта;

1 сыныпта қосымша демалыс - 7 күн.

Қазақстан-Канада іскерлік кеңесінің отырысы

Қараша айының соңғы күндері Қазақстан-Канада іскерлік кеңесінің 5-ші мерейтойлық отырысы өтті. Іс-шараға ҚР сауда және интеграция вице-министрі Қайрат Төребаев, Канада Премьер-Министрінің Еуропа мен Еуропалық Одақтағы арнайы өкілі Стефан Дион; сенатор, Сенаттың Ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс және ардагерлер істері жөніндегі комитетінің және Сенаттың

құрметіне ие болды. Біздің компанияларды 1996 жылы «Инкай» бірлескен кәсіпорнының құрылуынан басталған көп жылдық жемісті ынтымақтастық байланыстырады. Содан бері ол жемісті ынтымақтастықтың жарқын мысалы болды. Компания қауіпсіздік пен корпоративтік мәдениеттің ең үздік стандарттарын сақтай отырып, корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің



ауыл және орман шаруашылығы жөніндегі комитетінің мүшесі, ҚР – Канада парламентаралық ынтымақтастық тобының тең төрағасы Виктор Оу; сенатор, Сенаттың Ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс және ардагерлер істері жөніндегі комитеті төрағасының орынбасары, Сенаттың Қаржы комитетінің және Ресми тілдер жөніндегі комитетінің мүшесі, ҚР – Канада Парламентаралық ынтымақтастық тобының мүшесі Жан Ги Дэжэнэ; Канаданың Қазақстан Республикасындағы Елшісі Алан Хамсон, Қазақстан Республикасының Канададағы Елшісі Ақылбек Камалдинов, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, энергетика, тау-кен және мұнай-газ өнеркәсібі, авиация, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және т.б. салалардағы ірі қазақстандық және канадалық компаниялардың өкілдері қатысты.

Кеңестің тең төрағалары – Қазақстан тарапынан «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов, ал Канада тарапынан Samco Corporation президенті Тим Гитцель.

«Қазақстан мен Канаданың өзара тиімді ынтымақтастығы екі ел үшін мұнай және тау-кен металлургия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, энергетика сияқты маңызды бағыттарда белсенді дамып келеді. Екі ел арасындағы тауар айналымы үнемі өсіп келеді, бұл біздің мүмкіндіктерімізді іске асыру үшін айтарлықтай әлеуетті көрсетеді, - деп атап өтті Қазатомөнеркәсіптің Басқарма төрағасы Ержан Мұқанов. -Қазатомөнеркәсіп пен Samco осы екі жақты диалог алаңының тең төрағалары болу

жоғары деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, уран өндіру өзара тиімді ынтымақтастықтың жалғыз бағыты емес. Бұл іскерлік кеңес ынтымақтастық бағыттарын одан әрі әртараптандыруға ықпал ететініне және екі елдің экономикасының дамуына елеулі серпін беретініне сенімдімін».

Қазақстан мен Канада арасындағы тауар айналымы 2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте 729,5 млн. АҚШ долларын құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен (236,9 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 3 еседен астам өсті. Қазақстаннан Канадаға экспорт осы кезеңде 3,6 есеге өсіп, 609,2 млн. АҚШ долларына жетті.

Іскерлік кеңестің отырысы барысында тараптар екі жақты сауданың әлеуетін талқылап, өндіру, авиация, ауыл шаруашылығы, білім беру және денсаулық сақтау секторлары бойынша жұмыс топтары отырыстарының есептерін қарады.

Бұған дейін Іскерлік кеңестің алдағы отырысы шеңберінде ынтымақтастықтың неғұрлым перспективалы бағыттары бойынша екі елдің мемлекеттік құрылымдары мен бизнес-қоғамдастықтары өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының отырыстары өткізілген болатын. 2022 жылдың маусым-қараша айлары аралығында пайдалы қазбаларды өндіру, энергетика, аэрофизика және авиация, ауыл шаруашылығы, білім беру және денсаулық сақтау бойынша 5 жұмыс тобы өтті. Жұмыс топтарының отырыстарына 200-ден астам қатысушы қатысты. Бұл алаң қатысушыларға бизнес-байланыстар орнатуға және өзара мүдделерді анықтауға мүмкіндік берді.

Нұржамал МАЙУСОВА.



Самаладай шамы жанған Шақырық

Еліміздің тірегі ауыл екені беседен белгілі. Бүгінде елді мекендердің еңсесін тіктеп, тамырына қан жүгірту мақсатында түрлі қадамдар жасалып жатыр. Соған қарамастан, ауылды дамыту үшін ауыл жастары да аянып қалған жоқ.

Созақ ауылы «Шақырық» елді мекенінің (3 ферма) жастары ұйымшылдық танытып, өздері жинаған қаражатқа Қален Тоқмағанбетов атындағы бір көшеге бағаналар орнатып, жарық шамдарын іске қосты.

Темір бағаналарды, жарық шамдарын сатып алу, ауылға жеткізу, дәнекерлеу жұмыстарын бәрін де осы ауылдың жастары бірлесе атқарды. Ортақ істен ешкім қалыс қалған жоқ.

Күні кеше 4 желтоқсан 2022 жыл ауыл жастарының ұйымдастыруымен ашылу рәсімін жасап, іс-шараға ауыл әкімінің орынбасары Жомарт Байкөбеков ағамыз және ауылымызға еңбегі сіңген, ауданымыздың Құрметті азаматы Байзақ Аметов көкелеріміз лентасын

қиып, батасын берді. Көше тұрғындары жастардың бұл өнегелі істеріне дән риза.

Осы іске мұрындық болған ағаларымызға, қолдаған інілерімізге мың алғыс!

Созақ ауылына қарасты үшінші ферма шағын ауылын мекен еткен ауыл жастарының ауызбіршілігі мен ұйымшылдығы артып тұратын болса, алар асуымызда алда болары анық.

Абылай БӘЖІБАЙ,
Созақ ауылы.

АКЦИЯ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ



«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциясы Шолақорған ауылы А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебінде жалғасты. Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гүлнар Атабаева, тәлімгер Қыдырәлі Жарқынбекұлының ұйымдастыруымен Созақ аудандық ПБ-нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі инспекторы полиция



майоры А.Манаповамен бірлесе отырып, «Біз-бақытты отбасы» тақырыбында іс-шара өткізді.

Аталған шарада «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психологі Ыдырысова Құралай ата-аналармен тренинг өткізіп, ата-аналарымызға ерекше серпіліс сыйлады. Созақ аудандық ПБ-нің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі

инспекторы, полиция майоры А.Манапова акцияға қатысушы ең қария анамызға өзінің ыстық-қылысын білдіріп, сый-сияпатын табыс етті. Акцияға қатысушы оқушылар көптеген мағлұматтар алып, өз ой пікірлерімен бөлісті.

«Созақ үні»-ақпарат.

2023 жылдың I жарты жылдығына баспасөзге жазылу жүріп жатыр

«Ернұр-пресс» арқылы:
Жазылымшылар -(индекс 64450) - 2400 теңге

«Қазпошта» арқылы:
-Жеке жазылушылар (индекс 64450)-2371 теңге 20 тиын

-Мекемелер үшін (индекс 19450) - 3571 теңге 20 тиын

«Созақ үні» газеті редакциясы арқылы

Жеке жазылушылар үшін -2250 теңге



Рухы биік әкелер, ұлтжанды ұрпақ мәпелер

Облыстық ардагерлер кеңесінің бекіткен іс-шаралық кестесіне сәйкес аудан орталығындағы Нәзір Төреқұлов атындағы ақпараттық технологиялар мектебі базасында «Әкелер мектебінің» ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі атты тақырып аясында «Рухы биік әкелер-ұлт болашағын мәпелер» атты аудандық семинар кеңес өтті.

Семинар алдында қонақтар мектеп мұражайымен, кітапханамен, семинарға арнап дайындаған көрмен танысып шықты.

Семинар кеңес жұмысына аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің тәрбие жұмысы, жастар саясаты департаментінің басшысы, тарих ғылымының кандидаты Қайрат Сапарханұлы Анарбаев, Түркістан облыстық ардагер кеңесінің жауапты хатшысы Балзия Тәжібаева, республикалық «Ардагерлер» журналының үйлестірушісі Бейсенкүл Нарынбетова, аудандық адам әлеутті дамыту бөлімі басшысының орынбасары Әбдиев Мамыр, аудан көлеміндегі «Әкелер мектебінің» төрағалары, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары қатысты. Семинар кеңес жұмысын аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов ашып, жүргізіп отырды.

Алдымен сөз алған Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің тәрбие жұмысы, жастар саясаты департаментінің басшысы, тарих ғылымының кандидаты Қайрат Сапарханұлы Анарбаев көпшілік көңілінен шығатын, бүгінгі нақ қоғамда орын алып жатқан жайттарды мысалға ала отырып, толғамды ойларын шебер шешендік өнерімен астастыра баяндап берді. Көптің көкейінде жүрген сауалдарға да орынды жауаптарын, уәжді дәлелдерімен дәйектеп шықты.

Сөз арасында семинар кеңесті жүргізуші Қабылбек Аманбекұлы:

«Қазіргі уақыттағы қоғамда болып жатқан жедел өзгерістер кезеңінде жастар тәрбиесіне жітті көңіл бөлу қажеттілігі туындап отырғаны анық. Сондықтан да жастар арасындағы келешек ұрпақ тәрбиесін аудан көлемінде жетілдіріп, оның ішінде

әсіресе, әкелердің бала тәрбиесіндегі роліне баса назар аудару арқылы тәрбие саласына жаңа құрал ретінде «Әкелер мектебін» құру туралы 2019 жылдың соңында ұсыныс енгізілген болатын.

Аталған ұсыныс облыс көлеміндегі ардагерлер және оларды топтастырып отырған «Ардагерлер кеңесі» тарапынан кеңінен қолдау тауып облыс көлемінде «Әкелер мектебі» қоғамдық ұйымы дүниеге келді.

Әрине оның жарлығына сәйкес ережелері мен міндеттері айқындалып, атқарушы құрамы белгіленді.

Бүгінгі таңда біздер осы «Әкелер мектебі» әр баланың бойында отансүйіштік, адамгершілік және ұлтымыздың рухани құндылықта-

деді.

Осы өткен кездесуде жүргізілген жұмыстар нәтижесі мерзімдік басылымдар да үнемі жарияланып отыру мен бірге фото альбомдар, бейне роликтер жасалып, жергілікті газет арқылы жүргізілген жұмыстар нәтижесін көпшіліктің талқысына ұсындық.

Сонымен бірге аудан көлеміндегі «Әкелер мектебі» ұжым мүшелерінің жүргізген нәтижелі жұмыстары «Әкелер мектебі» салт-дәстүрдің сабағы, бүгінгі өмір талабы» атауымен аудан көлемінде оңды тәжірибе ретінде таратылды. Сонымен қатар өз жұмыстарында жинақталған озат жұмыс әдістері, жұмыс жүргізілу ба-рында тікелей көпшілікке әлеуметтік

бесі мол азаматтарымыздың белсенді араласуының нәтижесі,-деп білеміз,-деді.

Дегенмен, бұл айтылғандардан барлық жұмыс мүлтіксіз атқарылды, тәрбие саласындағы күрделі мәселелердің түйіні шешілді дегенді білдірмесе керек. Әліде аудандағы әкелер мектебінің жұмысына мол қарқын, зор екпін керек.

«Алдағы уақытта аудандық «Әкелер мектебінің» атқарушы құрамы аудандық «Ардагерлер кеңесімен» бірлесе отырып, бірқатар жұмыстарды одан әрі жетілдіру шараларын белгілеп отыр. Атап айтқанда, жергілікті жерлердегі ықпалды, абырой-беделі жоғары, көпшілікке сөзі өтімді, өзінің өмірлік өнегесімен, ісімен үлгілі азаматтар арқылы олардың қатысуымен кездесулер, пікір алмасулар, жеке әңгімелесулер, олардың ойында жүрген жастар тәрбиесі туралы ұсыныс-пікірлерін зерттеп кеңінен тарту. Ба-спасөз немесе түрлі ақпарат құралдары болатын жаңа технология жетістіктері арқылы насихаттау ұйымдастыру. «Әкелер мектебінің» жұмысын ғылыми тұрғыда дамыту.



рын қалыптастыруда әкелердің ықпалын бұрынғыдан да арттыру мәселесіне қоғамның назарын аударуды басты мақсат етіп алғанымызды ұғындыра алдық.

Осы мақсатты жүзеге асыруға аудан көлемінде орналасқан мектептерде «Әкелер мектебі» құрылып жұмыс атқаруда. Біз өз тарапымыздан «Аудандық ардагерлер кеңесі» басшылығында ауыл округтерінде, сол округте қарасты білім мен мекемелердің қатысуымен семинар – кеңестер ұйымдастырылып аталған тәрбие саласының маңызы мен міндеттерін түсіндіріп, оның келешек атқаратын жұмыстарын насихаттау жұмысын жүргіздік. Әрі жалғасын таба беретін болады,-

желілерде яғни фейсбук, инстаграмм парақшалары арқылы көпшілікке таратылды.

Өткен оқу жылында біршама мектептерде жергілікті тұрғындардың, зейнеткерлікке шыққан ардагерлердің сонымен бірге ауыл тұрғындары мен көпшілік ықыласына бөленген аптал азаматтар арнайы қатыстырылып олардың бала тәрбиесіндегі өмірлік тәжірибелерімен көңілге түйген ойларын ортаға салған семинар-кеңестер ұйымдастырылғанына хабардармыз.

Көпшілікпен біргелікте жүргізілген жұмыстар нәтижесіз де емес.

Оны өздеріңіз өмір көрген, өз тіршілігінде жақсылық пен қиындықтарды бастан кешкен өмірлік тәжіри-

ныстары мен пайымды пікірлерін білдірді.

Қорыта айтқанда семинарға қатысушылар «Сіз бен біз, біздер, аға ұрпақ өкілдері өздеріміз тәрбиелі болып, жастарға жан – жақты үлгілі – өнеге көрсетіп, әрбір отбасында әкелер ықпалын арттырып, ұлтымыздың ұлағатты қасиеттері мен құндылықтарын қайта жаңғыртып, ұрпақ санасын елжанды етіп қалыптастыру арқылы ауданымыздың еңбек сүйгіш, ынтымақты, рухани жағынан жаңарған ел аталуына үлес қоса берейік!» деген басты мақсатты ұран ете тарқасты.

Мақсат ҚАРФАБАЙ.

Қайбір жылдары елімізде «Жаныңда жүр жақсы адам» деген тақырыппен қоғамдық бір жоба өткенін барлығыңыз да жақсы білесіздер. Жобаның мақсаты арамызда жүрсе де елене бермейтін, бірақ қоғамымыз үшін көп пайдасы тиіп жүрген азамат-азаматшаларымызды насихаттау еді. Шынында, «Алдына бармасаң Алатаудың өзі аласа көрінеді»-деп, күнделікті күйбің-тіршілікпен көптеген арда азаматтарымыздың қоғамымыз үшін етіп жүрген ерен еңбектерін елей бермейтіңіз хақ. Сондай азаматтардың Созақ ауданында да бір легі биыл зейнеткерлікке шығып жатқан жағдайы бар. Атап айтар болсам: Байділдә Айдарбеков, Қанат Сұлтанғазиев, Кәмілжан Рысметов, Іргебай Омаров сынды т.б ағаларымыз. Бұл кісілердің қай-қайсысы болмасын, әрбірі өз саласында жүріп, қоғамымызға қолдарынан келгенінше пайда-

Әбдіхалық көкеміздің туған жеріне қайтсам деген арманы тек 1983 жылы ғана жүзеге асады. Сонымен, Қайрат Аққұлиев 1977 жылы мектепті бітірген соң, сол тұстағы 2 жыл еңбек өтілімен жоғарғы оқу орындарына түсіп жатқан барша ауыл жастары секілді (оның үстіне тың игеру және Қазақстандағы малдың санын 50 млнға жеткіземіз деген жоспар бойынша) әуелі Комсомол жастары бригадасында жұмыс істейді. Сол уақыттағы саясат бойынша әрбір 100 саулық қойдан 140 бас төл беріп, еңбегі еленген Қайрекең алдымен партия қатарына шақырылып, кейін арнайы жолдамамен 1979 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтының «санитария-гигиена» факультетіне оқуға түседі. Сөйтіп, 1985 жылы оқуын тәмамдап келіп, бұрынғы «Бөген»



нитарлық қорғаныш аймағын кейінгі берілген критерилері бойынша белгілейміз. Кенелерден аталған ауруларға уыттылығы тексеріліп, оң нәтиже берген жерлер үйлердің қора жайлары ветеринария саласы тарапынан төрт түлік жануарларының барлығы дерлік дезинфекцияланып, аурулардың шығуына, жұғуына эпидпроцестерді болдырмау түрлі жолдарын кесуде орасан зор еңбек етілді. Кешегі, Коронавирус антропонозды адамдардан адамға жұғатын өте контогиозды жұқпалы ауру, алғаш Созақ ауылында басталды. Алғашқы шектеулер, эпиджағдайды бағамдай отырып эпидшеңберін нақтылау, қарым-қатынас адамдарын анықтау, карантиндер қою, белгілеу. Автомобильді камералық дезинфекциялау, 14 тәулікке медбақылаулар жүргізу жаппай ауруларға жол бермей, үйіне тамақ асуын, дәрі-дәрімегін жеткізіп беру, зат алмасу процестерді жалпы халыққа ұғын-

Күш-қайратын қоғамның саулығына жұмсаған жан

сын тигізіп келген, жанымызда жүрген жақсы адамдар. Міне, солардан бірі ұзақ жылдар бойы ауданымыздың СанЭпид ахуалына жауапты болып келген Аққұлиев Қайрат Әбдіхалықұлы. Дегенмен, бүгін менің қолыма қалам алуыма күні кеше, Желтоқсанның 5 күні мерейлі 63 жасқа толып, зейнеткерлікке шығып отырған Қайрат Әбдіхалықұлының қазақ, Созақ қоғамына тигізген ел ішінде жүргенде елене бермеген ерен еңбегі еді. «Ерім дейтін елі болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын»-деп, бүгінгі кейіпкерім секілді ерлерімізді елі біз елемесек, ертең елім дейтін ердің шығуы неғайбыл. Сол себепті де саналы ғұмырының 37 жылын қазақ, оның 34-ін Созақ қоғамының эпидахуалы үшін жұмсаған Аққұлиев Қайрат жайлы жазып, жақындарының жадында жасаған жұмыстарын жаңғыртып, келешек ұрпаққа да үлгі ету үшін Қайрекең хақында қалам тартпақты немесе компьютерге отырғанды жөн көрдім.

Жалпы, Қайрат Әбдіхалықұлы 1959 жылдың 5 желтоқсанында бұрынғы Қызылқұм, қазіргі Отырар ауданының Темір станциясында дүниеге келген екен. Егер тарихтың доңғалағын кішкене кері шегеретін болсақ, кейіпкеріміздің арғы аталары Жаманқара және Жамаяқ есімді ағайынды екі кісі әрі батыр әрі би әрі қажы болған кісілер. Кешегі Теріскейдің талантты ақын ұлдарының бірі де бірегейі Құлыншақ Кемелұлының туысы әрі замандасы болған бұл екі кісіні бұрынғы қариялардан танымайтыны кемде-кем. Қадімгі хакім Абайдың әкесі Құнанбай қажы Ырғызбайұлының да замандасы болған бұл екі ағайынды жанды Созақтың Құнанбайлары десе де артық айтқандық болмас. Өз замандарында өткен ерліктері мен берген биліктеріне еткен туысы боп келетін Құлыншақ ақынмен бірге жасаған қажылығы жайлы әсерлі әңгімелерді тыңдап отырып, осылай бағамдауға мәжбүр боласың. Сол, Саңғыл руынан шыққан ағайынды екі тұлға қазіргі Жартытөбе ауылы әкімдігіне қарасты Шалбарпұт, Бибінің сайы және Таскөмірсай жерінде кен қазумен айналысқан ағылшындармен кәсіпкерлік бағытта келісімшарт жасасып, 80 бас түйе кірелеп, Ащысайға руда тасымалдап, өздеріне қарасты бір қауым елді асыраған көрінеді. Әрине, мұнан бөлек Жаманқара мен Жамаяқтың өздеріне жетерлік төрт-түлік малы, сән-салтанаты да болған көрінеді. Жалпы, ағайынды бұл екі кісі жайлы ел ішінде көптеген есті әңгімелер мен естеліктер бар. Олар жайында келесі бір мақаламда сөз қозғай жатармын. Кейіннен, Кеңес өкіметі орнап, ел ішінде аласапыран боп жатқанда Қайрат Әбдіхалықұлының отбасы да туған жердің топырағына қайтпаққа бекінеді. Бұған себеп, 1962-ші, Жартытөбенің кеңшар болып құрылып жатқаны еді. Дегенмен, Аққұлиев

қазіргі «Ордабасы» ауданындағы СЭС-ке санитар-дәрігер боп жұмысқа орналасады. Осында еңбек ете жүріп еңбегі еленіп, ауданның үздік санитар-дәрігері атанады. Ал, 1988 жылы арнайы жолдамамен Мәскеу қаласындағы дәрігерлердің білімін жетілдіру институтына барып, 2 айлық курстан өтеді. Дегенмен, сол жылы Бөген ауданының қысқартылып, Арыс ауданына қосылуына байланысты бір штат беріліп, Созақ ауданының аудандық СЭС-не жұмысқа орналасады. Ол уақытта аудандық СЭС-ті Арыстан Төреханов есімді ауылшының сыйлы азаматы басқарған екен. Сонымен, 1988 жылдың тамыз айынан Созақ аудандық СЭС-тің белді қызметкері болады. Мәскеу қаласында алып келген білімі мен білігін, Бөген ауданында жинаған іс-тәжірибесін туған жерінде жүзеге асырып, еліне ерен еңбек етудің мүмкіндігі туады. Ал енді, 1989 жылы Созақ аудандық профилактикалық Дезинфекциялық стан-

цияға бас дәрігер боп қызметке ауысады және мекеме таратылған 1995 жылға дейін сонда абыроймен қызмет атқарады. 2000 жылдан бастап Аса қауіпті жұқпалы аурулар бөлімінің эпидемиолог дәрігері болып жұмыс істейді. Жалпы, Созақ ауданының өзіндік жағрафиялық табиғатына сай оңтүстік шығыстан, солтүстік батысқа ұласып жатқан ұлан-байтақ жер Әзіреті-Қаратау жоталарымен шектесіп, шығысы Мойынқұм шатқалдарымен әрі қарай солтүстігі Бетпақдала шөлейтімен астасып жатқан аса қауіпті, түрлі жұқпалы зооантропонозды аурулардың ошақтары болып саналады. Сол себепті де 1976-77 жылдары Қырым-қанды қызбасы Шымкент облысының Созақ ауданында ғана кездесетін кененің тиімінен басталатын аурудың салдарынан өлім-жітімділіктің деңгейі 100 пайыз болатын көрінеді. Қазіргі таңда ауданымыз үлкен еселі еңбектің арқасында



тыра алғанымыздың арқасында бір ай өтіп, жауап хат келген кезде Созақ ауданының азаматы аман есен жазылып шықты. Ал, Сарыағаш ауданының азаматын оцинкованный табытта арнайы орамдалып еліне қайтарылды деген хат келгенде, іштей ғана бұған құдайға шүкір еңбегіміз еш кетпеді дедік. Әрине, жұмыс болған соң әттеген-айларымыз да болды. Заманы келгенде құтыру ауруы да тіркеліп, соңы өліммен аяқталды. Дегенмен, топтық бұрқаққа жол берілмеді. Осы уақытқа дейін 35 мыңдай кене жиналыпты. Кене ауру болып анықталған жерлер, елді мекен, ауыл округі немесе үй, қора-жайлар қауіпті аумақ болып саналып 2 жыл қатарынан, ал адам ауырып арнайы тіркелінсе 3 жыл залалсыздандыру жұмыстарын облыс, республика көлемінде қорғалып тиісті қаржы бөлгізіп халықтың амандығы үшін алдын алу профилактика іс-шаралары жүргізіліп отырды. Аудан көлеміндегі 35 елді мекеннің 9-на са-

дыра білу де санитарлық ағарту жұмыстарының пәрменділігінің арқасында жаппай келеңсіз жағдайларға жол бермеді деп айтсақ артық болмас деп есептейміз» дейді.

Мінеки, ағайын! «Өмір-теңіз. Онда жүзем деменіз, Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз»-деп ғұлама ғалым Рудаки айтқандай, кейіпкеріміздің жоғарыда айтқанымдай осы салада сапалы қызмет істегеніне 34-жылдың жүзі болыпты. Дегенмен Қайрекеңнің Созақ ауданына әлі де үлес қосамын деген үміті де жоқ емес. Егер, елім шақырса, жерім үшін аянып қаларым жоқ дейді. Иә, ел үшін еңбектің еленбей қалар кезі болғанымен, еленетін кездері де болады. Осы тұста Қайрат Әбдіхалықұлы да осындай еңбегі еленген жандардың бірі. Нақтырақ айтсам, бір ғана кешегі «COVID-19»-дың дүрбелеңі уақытысында жасаған жұмыстары жүзінен ҚР Халықтар достығы ассамблеясының төрағасы Ж.Түймебаевтан Жанға-Шипа, ҚР Президенті Қ.Тоқаевтан «Халық алғысы» төс белгілерімен марапатталды. Мінеки, басқасын айтпағанда бүкіл дүние жүзін сарсытқан пандемия кезіндегі еңбегі ескеріліп, осындай үлкен кісілерден марапат алып, мақтау естудің өзі неге тұрады? Жалпы, Қайрекең жұбайы екеуі жанясында 3 ұл, 2 қызды дүниеге әкеп, жақсы тәрбие беріп, ұлын ұясына, қызын қиясына қондырған бақытты ата-аналар. Қазіргі таңда олардан, ұл-қыздарынан 6 немере сүйіп отырған ардақты ата, аяулы әже екеуі. Үлкен қызы әкесіне еліктеп дәрігер болса, кіші қызы шешесінің жолымен кетіп математика пәнінің мұғалімі болуды ұйғарыпты. Әне, ағайын! Әлгі бір: «Белое солнце пустыни» деп аталатын кеңестік кинода айтылатын: «Хороший дом, хорошая жена что еще надо человеку, чтобы встретить старость?»-ән жолдарында келгендей, кейіпкеріміз, Аққұлиев Қайрат Әбдіхалықұлының алдында ендігі жерде сол қарттығын күтіп алу бақыты тұр. Шынында отбасың, баспанаң, өзің сүйген кәсібің болса, адамзат үшін одан басқа не керек? Міне, Қайрекең де мұның бәрі бар. Ендеше, керіге тек сол бүкіл ғұмырын сарп еткен бейнетінің зейнетін көру қалды. Жеңешеміз екеуі ұл-қызынан өрбіген немерелерін жеткізіп, тойларын көріп, солардың аяқтанғаны көрсе, шөбере сүйсе сонан артық бақыт бар ма? Әрине жоқ, тек, еліне етілген еңбегінің еленіп, қауымының құрметіне бөленгенді кім жек көрсін? Осы тұрғыдан алғанда, Қайрат Әбдіхалықұлының да қоғамының құрметті азаматы атануға толықтай құқы бар! Мұны енді аудан басшылары ескеріп, лайықты бағасын берер.

Данияр БЕК.

Дін-дiңгек

Мақал-мәтел арқылы халықтың мәдениеті мен болмысын, тұрмыс-тіршілігі мен этикалық тағылымын, бір сөзбен айтар болсақ, адам өмірінің өткені мен бүгінін танып-білуге арналған дүниелерді айқындауға болады. Сол себепті мақал мен мәтел – халық жадында ұзақ сақталып келе жатқан һәм тіл атаулының қай саласында болмасын ұзақ ғұмыр кешетін тілдік бөлшек. Мақал мен мәтелдер бір дәуірдің жемісі емес. Белгілі академик Ә.Қайдар: «Мақал-мәтелдер халықтың атам заманы өткен өмір-тіршілігі мен бүгінгі болмысын болашағымен жалғастыратын «алтын арқау»; олар–рухани, мәдени салт-дәстүрді жалғастырудың, адамдар

Алладан тіле»–дейді. Аталмыш хадистің жоғарыда келген мақал-мәтелдермен мазмұндас екендігін көруге болады.

Қазақ халқы қай уақытта болмасын «ар-ұятты» бірінші орынға қойған. Пайғамбар хадистерінде де ұят жайында айтылған деректер мол. Мысалы: «Әрбір діннің өзіне тән мінезі бар, Исламның мінезі–ұяттылық» десе, тағы бір хадисте: «Ұяттың барлығы да қайырлы» – дейді. Енді осы айтылған мысалдарға тоқтала кететін болсақ, «Ұят кімде болса, иман сонда», «Адамның ұяты бетінде, адамгершілігі ниетінде», «Ұят-иманда»–деген мақалдар бар. Атал-

Мақал-мәтелге айналған хадистер

санасында, қоғам жадында, тілінде, келініде сақталуының бірден-бір кепілі. Бұл қазына байлықтан айырылған этникалық қауым–өзінің өткен өмірінен айырылады деген сөз, ондай қауымның болашағы да жоқ»–дейді. Демек, мақал-мәтелдердің тым ертеректен бастау алғандығын көруге болады. Өйткені әрбір қауымның этникалық жағдайына байланысты тұрмыс-тіршілікте жол сілтер ұлық көсемдер мен ойшылдар, дана билер мен ақындар, қысқасы, ұлы тұлғалы даналар інжу-маржандай асыл сөздерді өсиет ретінде келешек ұрпаққа жеткізіп, айтып отырған.

Әрбір мұсылман баласы ұстанатын екі негіз бар. Олар: Қасиетті Құран және Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың хадистері. Ислам дінінде бұл екеуінің алатын орны ерекше. Неге десеңіз, Құранды не хадисті дұрыс түсінбеу дінді дұрыс түсінбеуге алып барады. Қазақ халқы рухани болмысын Құран және хадиспен байланыстырып, өмір тіршіліктерінде тірек етіп отырған. Бұған тарих беттерінен талай мысалдар келтіруге болады.

Құран деп–жаратушы Алла Тағаланың пенделеріне жіберген иләһик әләмін айтатын болсақ, хадис деп–пайғамбардың сөздерін айтамыз. Алайда, хадисті тек сөздер жиынтығынан тұратын фраза деп атауға болмайды. Себебі пайғамбар айтқан хадистер һәм шариғат негіздері, һәм мұсылман тіршілігінің қайнар көзі.

Халық ауыз әдебиетінің бір тармағын құрайтын мақал-мәтелдердің кейбіреуі әрі тілдік жағынан, әрі мағына жағынан хадис мәтіндерімен бірдей. Мұндай мақал-мәтелдердің халық жадына сіңіп, қанатты сөзге айналған хадистер екенінде күмән жоқ. Қазақ халқы мұсылман сенімін ұстанғандықтан, ислам дінінің ереже қағидаттарын күнделікті тұрмыста өз әсерін тигізгені рас. Сол негізде бірнеше мақал-мәтелдер қалыптасты деп айта аламыз. Мысалы, халқымызда «Алладан сұрағанның екі бүйірі шығады, адамнан сұрағанның екі көзі шығады», «Аллаға сенген құстай ұшады, адамға сенген мұрттай ұшады», «Алла деген ар болмас, Алла деген пенделер, ешнәрсеге зар болмас», «Алла деп барсаң, аман келерсің» және т.б. мақал-мәтелдер бар. Осы айтылған мақалдарға назар салатын болсақ, ислам дінінің негізгі ұстанымы құлшылық етудің жалғыз ғана лайықтысы «Алла» екендігі меңзәліп тұр. Осы мысалдың өзінен-ақ, Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінің тигізген ықпалын көруге болады. Бұған қатысты бірнеше аяттар да бар. Ал Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың хадисінде: «Егер бірнәрсе сұрап болсаң Алладан сұра. Ал егер жәрдем тілер болсаң

мыш мақалдардың пайғамбар хадистеріндегі орнына келетін болсақ, дәлме-дәл ұқсастық тауып отырғандығын айқын түрде айта аламыз.

Ардақты Пайғамбар (с.а.с) тек қана дін мәселесінде емес, өмірдің әр саласында үмбетіне үлгі-өнеге болған. Мысалы, әлеуметтік салаға қатысты Хақ Елшісі (с.а.с) бір өсиетінде былай дейді: «Үйден бұрын көрші тап, жолға шықпай тұрып жолдас тап». Халқымыз осы хадисті нақылға айналдырып: «Сапарға шықпас бұрын серігіңді сайла, үй салмас бұрын көршіңді ойла»– деген.

Қашанда ауыз бірлікті, ынтымақты жанына жолдас еткен халқымыз өз мақалында «Бөлінгенді бөрі жейді»–деп айтқан. Яғни жік-жікке бөлінбеудің алдын алу мақсатында өсиет сөздерін осылайша айтып отырған. Сол секілді Құран Кәрім аяттарында да, Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар хадистерінде де мұсылман баласын бірлікке, бейбітшілікке шақыру мейлінше көп насихатталады. Бір хадисте «Жамағатта рақымдылық (берекет) бар, бөлінушілікте азап бар»–десе, ал мына бір хадисте «Жамағатпен бірге бол, өйткені отардан айырылған қойды қасқыр (бөрі) жейді»–дегені жоғарыдағы мақалды қуаттай түседі.

Халық ауыз әдебиетіне мақал болып енген Пайғамбардың (с.а.с) келесі хадисі: «Кеңес қылған ел азбайды». Негізінен кеңес мәселесі Құран Кәрімде айтылып, Алла Тағала әу баста мұсылмандарға кеңес етуді бұйырған болатын. Алла тағаланың бұйрығын қалт жібермеген Хақ пайғамбар (с.а.с) кеңесті әкімшілік істерінің өзегіне айналдырып, әскери болсын, әлеуметтік болсын, барлық істерінде сахабаларын жинап кеңес өткізіп отырған. Осылайша үмбетіне бұл істе де үлгі-өнеге болған. Хадистерінде кеңестің пайдаларын баяндаған. Жоғарыдағы хадис осы мақсатта айтылған хадистердің бірі. Осы хадисті халқымыз да өмірінің өзегіне айналдырып, мақал ретінде, тіпті қасына ықпалын келтіріп былай деген: «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас».

Көріп отырғанымыздай, жоғарыдағы мақал-мәтелдердің мәндері хадистердің ойларымен үндесіп, әрқайсысынан хадистегі ойлар ұшқындайды. Ендеше бұл мақал-мәтелдерді хадистердің өзегінен тамыр тартқан деп айта аламыз. Мақал мен мәтел жай айтыла салған сөздер емес, ол қысқа болса да нұсқа, мағынасы мейлінше терең, қоғамдағы барша салаға ортақ әмбебап құбылыс.

**А.СЕЙДУЭЛІ,
Теолог маман.**

Отан қорғау

Әрбір азамат үшін асыл қасиет



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс. Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз. Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы жолдың қиындығы көп. Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді. Қол қусырып отыратындар мен қасақана кедергі жасайтындарға орын жоқ» деген болатын. Отан, мемлекет, ел, жер, ұлт, халық, атамекен сияқты киелі ұғымдарды қадірлей білу-санада патриоттық сезімнің қалыптасуына ықпал етеді. Жастарды отаншылдыққа тәрбиелеу басты мақсат болса, отаншылдық сана –сезім, іс-әрекет осы жолдағы өзін-өзі тәрбиелеу оның басты бағыты. Отанға, елге деген сүйіспеншілікті кешегі Ұлы Отан соғысында адамзатты құлдық қамытынан құтқару үшін жан аямай соғысқан ержүрек батыр ата-бабаларымыздың ерліктерін біз мәңгі мақтаныш етүміз керек. «Отан оттан да ыстық» деген сөз бар. Қазір осы сөз шындыққа айналды. Ол үшін өз ұлтыңды шексіз сүю қажет. Ұлтты сүймесек ана тілімізді қадірін білмейміз. Ұлтты сүю ұлтшылық емес, ұлтжандылық. Сондықтан біз ең басты туған жерді көркейту үшін жан аямай еңбек етуге, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарауға, бақа ұлттарға салт-дәстүрімізді өнеге етуге тиіспіз. Ертеде көшпенді өмірдің берекесін көрген қазақ өркениетінде отансүйіштік қасиетті міндеттердің бірі саналды. Ежелгі түркі қағандығы кезінде тасқа қашалған Күлтегін ескерткішінде де ол жайында көптеген сөздер жазылған. Оларда ел билеген азаматтардың отаншылдық үлгілері жайында көрініс тапқанын көпшілік жақсы біледі. Одан бергі кезеңдегі Төле, Қазыбек, Әйтеке билер мен Ақтамберді, Бұқар жыраулар да Отанды сүюге бағытталған мағыналы әңгімелерін ел-жұртқа жая білді. Қазақтың қаншама ұлт зиялылары мен қайраткерлері отансүйіштік жайында тек жазып қана қоймай, оны іспен де көрсете білді емес пе?! Әр адам үшін кіндік қаны тамып туып өскен жерінен, яғни, өз Отанынан қымбат жері жоқ. Қандай бір шет елде болса да сол бір шаң басқан, қаңбағы желмен қаңғырған туған жерін сағынады да тұрады. Отаны-

мыздың ұлтарақтай ғана жері үшін қаһарман ата-бабаларымыз қасық қаны тамғанша күресіп, бізге мирас етіп қалдырды. Сондықтан барлығымыз ата-бабаларымыздан қалған жерді аманат деп, көздің қарашығындай сақтау - баршамыздың борышымыз. Әр адамға өз Отанын қорғау, оны сақтау - парыз.

Ол жайлы қазақтың дана ақыны, ғұламасы Абай: «Оны сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босамас буын керек», –деген ойын білдірген. Ал тахқиқи иман дегеніміз - санамен саралап, сезіммен қуаттап, зерттеп іздену нәтижесінде толық көз жеткізу екені белгілі. Мызғымас бекем сенім болып табылатын мұндай иман жоғары бағаланады.

Талай даналығымен дүйім елдің ардақтысына айналған Әйтеке би: «Өмірім халықтыкі, өлімім ғана өзімдікі», –деп халыққа қызмет етуді өзіне басты парыз санаған. Оны отаншылдықтың нағыз айнасы деп айта аламыз. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлт болып ұйысуына көп еңбек сіңірген Тәуке хан өмір сүрген заманда қазақ үшін отаншылдық байлықтан да жоғары бағаланды. Өкінішке орай, қазіргі таңда кейбір пенделер байлық үшін адалдықтың ақ туын аттап, өзінің азамат деген атына кір келтіретін жат әрекеттерге барып жататынын көзіміз көріп-ақ жүр. Мұндай жағдайда ертедегі қазақ қоғамында қалыптасқан мызғымас өмір сүру дағдысы еске оралады. Сондықтан қай уақытта жүрек түбінде иманды ұялатып, әрбір қадамыңды ойша саралап, ақырын жүріп, анық басқаның артық емес. Бүгінгі таңда ашуға ерік беріп, туған жерге қызмет етуді ұмытып жататын пенделер баршылық.

Ата-анамыз бен өзіміздің кіндік қанымыз тамған ыстық та сүйікті отанымыз біз үшінде қимас отан.

Бұдан былай ата-бабаларымыз қорғаған, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған Отанның азаттығы, бейбітшілігі мен тыныштығы сол елде өмір сүретін бізге аманат. Бұл жолда біз имандылық сезімің алға шығарып, қасиетті мекеннің әрбір жақсылығы мен қуанышына ортақ болып жатқанымыз артық емес.

Қазіргі таңда Қазақстан жер бетінде тәуелсіз ел ретінде тіршілігін жасап, қаншама жарқын істердің жүзеге асуына ұйытқы болды. Қазақ елі қарыштап дамып, өзге жұрт алдында еңсесін тіктеді. Алға қойған мақсатпен халық болып, елу елдің қатарына ендік. Бізді соған жеткізді. Енді отыз елдің қатарында болуды жазысын дейміз. Еліміздің өсуі біз сүйетін отанымыздың абыройы. Абырой бар жерде өзгелердің сыйластығы бола-ры сөзсіз. Сыйластық болған жерде міндетті түрде тыныштық орнайтыны шындық.

**Дариға МАШАЙ,
Абылайхан атындағы элем
тілдері университеті журналис-
тика факультетінің студенті.**

Мұндай қуанышты хабар жерде жатсын ба? Ұялы байланыс арқылы жеткен сүйікті шәкіртімің марапатын ести сала, төбем көкке жеткендей боп, құттықтауға асықтым. Астанадан жеткен бұл ыстық жаңалықтан хабардар болған аядай ғана ауыл тұрғындарына Айғаным қызымыздың бұл жеңісі қарашаның соңғы күндерінің аязын ұмыттырып жіберді...

Республикалық бұл конкурсқа бір жарым ай бұрын өтінім тастаған болатын. Жақында жылдың үздік студенттері анықталған жаңа Қазақстанның дарынды жастары форумына марапатқа шақырылады. (Шақыртуда нешінші орын алғаны айтылмайды). Конкурс нәтижесі бойынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Өркениетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына арналған жолдауын ҚР жастары ара-



қатысқанда тәлім берген ұстаздарымен қоса, бүкіл ауыл болып, тақымымызды қысып, нәтижелі сәтті күтіп отырдық. Парасатына сымбаты келіскен ақылына көркі сайсұлулардың арасынан біздің ханшайымымыз сынақтардан сүрінбей өтіп, жеңімпаз атанып, «Университет Аруы» тәжін кигенде қуаныштан көзжасымызға ерік бергеніміз-ай! Келбетіне мәнері, талғамына өнері жарасқан Айғаным «Махаббат қызық мол жылдардағы» Меңтайдың көңілін шер басқан күйін сомдағанда, оның актерлік шеберлігіне әділқазылар да тәнті боп, көрермендердің ыстық қошеметіне бөленді. Жұлдызы жарқыраған аруымызға байқаудың бас бәйгесі 100 000 теңге мен сән салоны, фастфуд, тегін фотосессия жасау мүмкіндігіне ие болу мәртебесі бұйырды.

2021 жылы Алтынсарин Академиясы ұйымдастырған Алматыдағы

БАҚБЕРГЕНОВ БАЛҒЫНЫ- Республиканың ең үздік студенті

сында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген «Жылдың үздік студенті» атты республикалық байқауына қатысқан Әуесбек Айғаным Сүйенішқызы жеңімпаз атанып, 1 дәрежелі дипломмен мадақталып, төсбелгісі мен куәлігі қоса тапсырылады.

Сүйенішқызы Айғаным 2002 жылдың 10 тамызында Созақ ауданы, Шаға елді мекенінде дүниеге келген. Атасы Әуесбек Мақұлбеков Кеңес Одағы кезінде озат шопан, «Даңқ» орденінің иегері, Жоғарғы Кеңеске депутат боп сайланған қадірменді кісі болатын.

Ата-анасы абыройлы мұғалімдер. Анасы Мәдина ауданымызға танымал қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің майталман мұғалімі. Отбасында әжесінің тәрбиесін алған Айғаным үш ұлдың ортасында есейсе де, есті боп өсті.

2009 жылы Шаға елді мекеніндегі С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебінің 1-сыныбына қабылданады. Бастауыш сынып оқып жүргенінде-ақ ауданға танылған шәкіртімі Айғаным мектеп қабырғасында үздік оқумен қатар қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Аудандық, облыстық, халықаралық байқаулардың жеңімпазы болды. Атап айтқанда, Ыбырай оқулары, М.Мақатаев оқулары, Ілияс оқулары, Б.Момышұлы оқулары, пәндік олимпиадалар, т.б. Сондай-ақ, спортқа деген қызығушылығы волейболдан аудандық, облыстық деңгейде өнер көрсетуіне септігін тигізді. Жылмажыл, тіпті, апта, ай сайын өтетін жарыстарда «Үздік шабуылшы», «Үздік қорғаушы» номинацияларының иегері атанып, жаттықтырушылардың, мектеп ұжымының, ауылдың, тіпті, аудан волейбол сүйер қауымының ыстық ықыласына бөленеді. 2020 жылы мектебіміздің тұңғыш «Алтын белгі» иегерлерінің бірі болып бітіреді.

Осы жылы Айғанымның несібесіне Қарағанды мемлекеттік университетінің математика және ақпараттық технологиялар факультетіне грантқа түсу бұйырады. Алғашында бұрын көрмеген қаланы жатсынғанмен, жоғарғы оқу орнының табалдырығын аттағаннан-ақ, университеттің қоғамдық өмірі және қала өмірімен етене араласып, факультетаралық, қалалық, облыстық байқаулардан да тыс қалмайды. Болашақ математика пәнінің мұғалімі бола тұра кітап оқу, көркемөз оқу, эссе жазу, тіпті кейде өлең құрау секілді хобби-лерін қатар алып, өз ортасы мен факультет деканатының ерекше құрметі мен сеніміне кіріп, университеттің белсенділер құрамына

шақырылады. Сонымен қатар, бейресми «Алға қадам» қайырымдылық қорына мүше болады.

Аламанға түскен сын сәттерде суырылып шығып, топ жарып, оза шауып, айтарлықтай жетістіктерге де жетеді. Әуесбек Айғанымның ең үлкен жетістігінің бірі-Алтынсарин академиясының (заманауи мұғалімдер академиясы) студенті атануы. Жауапкершілік пен талапты қажет ететін кезеңдерден өтіп, академияның 40 000 теңге көлеміндегі стипендияның иегері болу-әр студентке бұйырмасы анық әрине. 2020 жылы «Өлең десе, өртенеді өзегім...» атты Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Бағдат Мүбәраттың өлеңдерін мәнерлеп оқу байқауында 30 өлеңді жатқа оқып, 2-орынды иеленіп, 60 000 теңге сертификаты-

дүние! Маған да бір қарашы» мұшәйрасының жеңімпазы атанып, 40 000 теңге сертификатына ие болады. Қабілетті қызымыз сол жылы Қазақстан Жазушылар Одағының мүшелері ақын Асан Мирас Болатұлы мен Байғұланова Жадыра Төкенқызының шығармашылығына арналған «Егіз лебіз» атты қалалық байқауға қатысып Алғыс хат және облыстық «Қазақ тілі» қоғамының атқарушы директоры Асхат Қажытайдың қолдауымен 100 000 теңге көлеміндегі бес айлық стипендиясы тағайындалады. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеуге орай облыстық, қаланың, университеттің қоғамдық және ғылыми өміріне белсене қатысқаны үшін Университет ректоры Н.О.Дулатбековтің Құрмет грамотасына ие бола-

«Жазғы лагерь-2021» жобасында ұйымдастырылған іс-шараларда және 2022 жылы Астана қаласы ЖШС-нің шілде айының 11-16 күндері аралығында өткен семинарына ерекше көзге түсіп, белсенді қатысқаны үшін сертификат пен ақшалай сыйлық табысталады.

Биылғы оқу жылында оқуға құштар дарынды студенттің тағы бір естен кетпес оқиғасы болды. Ол Қазақстанның Халық Жазушысы, еліміздің сүйікті ақыны М.Шахановпен шағын топ арасында жүздесуі еді. Осы кездесуде өз өмірінің маңызды ұранына айналған жалынды ақынның «Жігерлендіру» өлеңін жатқа оқып береді. Өз өлеңін Айғанымның шебер орындауына риза болған аңыз адам «Айғанымға аталық үлкен құрметпен! М.Шаханов, 13.09.2022 ж. деп қол қойып, қолтаңбасын береді. 25 қазан-Республика күніне орай, университет тағы да маңызды іс-шара өткізеді. Бүкіл факультет студенттері арасында алынған «Атамекен» тақырыбындағы диктант-конкурсанда ол-болашақ математика пәнінің мұғалімі жүлделі екінші орынды алады. Айғаным өзінің желідегі әлеуметтік парақшаларында үнемі өзімен қатарластарына, кішілерге үлгі боларлық есті сөздер мен иманды тәрбиеге шақыратын тәлімдер қалдырып отырады. ҚарМУ-дың математика факультетінің 3 курс студенті Айғанымнан қуаныш үстінде алға қойған мақсатын сұрағанда:

-Тек жақсы адам болуға талпыну, атамның атына кір келтірмеу. Өзімнің алдымдағыларға қуаныш, кейінгілерге де үлгі болғым келеді... Өмір мәнді болу үшін өз сүйікті ісіңмен айналысу маңыздырақ. Мысалы, мен математика бағытында оқып жатырмын, бірақ өлең оқуды жақсы көрем. Егер өлең оқуды тас-тасам, онда мен қоғам үшін жұтылып кетуші ме едім деп ойлаймын,- дейді ойын жасырмай ашық айтқан жүздеген өлеңді жатқа оқитын талантты шәкірт.

Жас та болса біраз шыңдарды бағындырған саламатты өмір салтын ұстануда жастарымызға үлгі болған қызымыздың жоғары білім алып шығып, жас жеткіншектерге құндылықтарға негізделген сапалы білім мен саналы тәрбиені қоса сіңіретін, ұлы ұстаз Ыбырай айтқандай келешекте «Жақсы мұғалім-мектептің жүрегі» болатынына сеніміміз мол.

**Бибіхадиса ШАЙХСЛАМ,
С.Бақбергенов атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі.
Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.**



мен марапатталады. 2020 жылы қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдық мерейтойына арналған «Поэзия, менімен егіз бе едің?!» атты облыстық байқаудан 2-орын алып және заттай сыйлыққа ие болады.

2020 жылы «Біз дарындыны іздейміз» университетаралық көркемөз байқауында М.Мақатаевтың «Махаббат па» өлеңін әсерлі орындаған қызымыз I дәрежелі дипломмен марапатталады. 2021 жылы мемлекеттік тілдің аясын кеңейту, көркем әдебиетті насихаттау және дарынды жастарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған Абай атындағы көркемөз оқу шеберлерінің облыстық байқауына белсене қатысқаны үшін Алғыс хат және 10000 теңге сертификатын алады. 2021 жылы қазақ поэзиясының алыбы Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай «Ей, тәкаппар

ды. Биылғы жылы сәуір айында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай өткізілген «Алаш деп соққан жүрегі» атты әдеби-шығармашылық байқауда 1-орынды иеленіп, «Арқа батырлары» кітабын сыйға алады. Сондай-ақ, университет ректоры Н.О.Дулатбековтың Алғыс хатымен марапатталады. Ал мамыр айында М.Әуезовтің туғанына 125 жыл толуына орай өткізілген эссе жазу байқауының жеңімпазы атанып, қызымызға 30 000 теңгенің сертификаты тапсырылады. Өткен жылдары онлайн оқу кезінде ізденімпаз қыз құр жатпай, тәттілер пісіру курсы алып, қолынан кереметтей дәмдер жасау келетіндігін көрсетіп, тұтынушылардың разылығын алады.

2022 академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті студенттері арасында өткізілген «Университет Аруы-2022» байқауына

Ынсапсыздарға ырық бермеу керек

Сыбайлас жемқорлық заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүлтік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүлтік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы салық органдарына аса маңызды құжат екені дәлелсіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бағдарлама жасап оны іске асыру жөнінде алдағы жылдарға іс шаралар жоспары жасалынған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік шаралар ұйымдастыру мемлекетіміздің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық саяси дамуы мәселелерін кең ауқымда шешуге бағытталғаны анық. Мемлекеттік бағдарлама «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдықтарын іс жүзінде асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нақандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.



Римма ДӘУРЕНБЕКОВА,
ҚР АШМ АӨК Созақ аудандық аумақтық инспекция
басшысы.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық-заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік органдардың жұмыстарының, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Жомарт УСЕТАЕВ,
аудандық ХҚКО маманы.

Адами әлеуетті дамыту бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы Адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдіскері Ермаханова Гүлшатқа әлпексі

Жақсыкүлдің

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Адами әлеуетті дамыту бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы Нәзір Төреқұлов атындағы АТ мектеп лицейі директорының орынбасары Бекпенбетов Жарқынға қарындасы

Жұпардың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Адами әлеуетті дамыту бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы Ахмет Жұбанов атындағы балалар саз мектебінің жұмысшысы Жұмашов Әбдікәрімге жұбайы

Жұпардың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Адами әлеуетті дамыту бөлімі мен аудандық білім қызметкерлері кәсіподағы ұйымы А.Байтұрсынұов атындағы жалпы орта мектебінің мұғалімі Оралбек Манарға жұбайы

Меңдіғалидың

қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Адам өмірі басты құндылық, бүгінгі тақырыпты біздің өмірімізге зиян келтіретін адамды өмірден өтуге дейін апаратын зиянды әрекеттер жайында болмақ. Адам өмірін түрлі қатерлерге тігетін адамның қызығушылығын бірден еліктіре алатын, адамның ден саулығына едәуір зиян келті-

өзіне еліктіріп алатын құрсауына түссең түбі өлімге апаруы мүмкін дүние. Нашақорлықпен күрес үшін әлем елдері қыруар қаржы жұмсалып нашақорлық бизнесіне қарсы іс-қимыл ағеттіктерін құрылған. Бірақ қазіргі таңда құрықтау мүмкін болмай отқан айлакерлердің көптігі, қоғамға адами құндылық-

жыл сайын жақсарып жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Қандай да бір қиындықты жеңу үшін бірінші ұзақ мерзімді жоспар құру керек, сол жоспардың орындалуын жете қадағаласа бұл індеттенде арылармыз анық.

Адамдықты ұмытып пайда көзін осындай лас әрекеттермен табатын азаматтар

Ғасыр індетінен қашық жүріңіз

ретін, психотроптық дәрілер жетерлік соның бірі бұл наша кокаин дейді біреулер. Бұл тақырыпты талдамас бұрын жалпы нашақорлық сөзін талдап көрсек.

Нашақорлық-наркомания (грек тілінен нарке-мелшию және маніа- ессіздік, құтырыну) есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру.

Қазіргі таңда ең өзекті қоғамда түрлі сипатқа ие мәселелердің бірі бұл нашақорлық. Бұл індет, қоғамның барлық тұстарына ойсыратып зиянын тигізуде,

тарға зиянын тигізуде. Біздің елімізде бұл бағыттағы жұмыстармен өзге елдерден қалыс қалып жатқан жоқ. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында бүгінгі таңда елімізде наркодиллерлерді қолға түсіру мақсатында түрлі операциялар өткізіліп арнайы тінту барысында осы саламен айналысатын көптеген азаматтар құрықталуда. Осы бағыттағы жұмыстарды нығайтуға күш беретін салалардың жұмысын күшейту басты назарда. Елімізде нашақорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар

елдің, өскелең жас ұрпақтың келешегін ойласа, түбіне жетпейтін дүниенің соңына түсуді қойса, игі іс болар еді. Еліміздің азаматтары бұл заттардың зиянын көрмесе болмашы бір мезеттік дүниелерге адами құндылықтарын жоғалтпаса деген ниеттеміз. Бұл ғасыр індетін жеңу үшін әр азаматымыз өзінен бастаса бұл заттарға елітіп ерігіп кетпесе еліміз өркендейді.

Ерлан РАЙЫМҚҰЛОВ,
Аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы.

Жемқорлыққа қарсы жігерлі іс-қимыл

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл-сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарларын жою жөніндегі өз өкілеттілігінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесі: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру ҚР заңнамасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді қалыптастыру және жариялау.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдеті түседі.

Сәкен ІЗБАЛАЕВ,
сот орындаушысы.

Қоғам дертінің алдын алайық!

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою. Кез келген әрқандай қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз қызіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Бүгінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін

болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізуде. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады. Әрине, ең алдымен бүгінгі адал ұрпақ тәрбиелеу-қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Өскелең ұрпақ сыбайлас жемқорлықтан аулақ болу үшін, әр отбасынан бастап, халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген ұрпақ тәрбиелеу-басты міндет. Болашақ ұрпағымызды адалдыққа үйретуіміз ке-

рек. Тәрбие тал бесіктен басталады деген қазақ, егер кішкентайынан баланың санасына адалдық, жауапкершілік, отаншылдық қағидаларын сіңіретін болсақ, есейген кезде оның бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптасады.

Қоғамда сыбайластыққа қарсы насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Халқымызда еңбекпен тапқан нан тәтті деген асыл сөз бар. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды. Бәріміз Мемлекеттің дамуы үшін адал еңбек етіп, табан ақы мандай термен тапқан табысты қанағат тұтып, адалдық арынан аттамау мақсатын алға қойған абзал.

Гүлдана ЖӘНІБЕКОВА,
Созақ аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.

Көкжалды құтқармаған көк ат

Тіршілік тізбегінде жел ықтырған қарашаның көк шулан бұлтындай жылжып жатқан уақыт. Көз алдында сағымдай көлбеген сол бір кезеңнің керемет оқиғалары да тарих қойнауының қатпарында қалып бара жатыр. Өткен ғасырдың сонау елуінші жылдарының бел бөлесі. Соғыстан кейінгі кезеңде колхоз өндірісінің енді өрістей бастаған кезі. Ауыл өміріне бұл кеңестік шаруашылық өз ерекшеліктерін ала келді. Колхоз басқармасына кеңсе салып, оның айналасын дуалмен қоршап тал ектірді. Клуб, монша салдырды. Картоп, көкөніс егетін жердің сыртынан шарбақ жүргізіп, өндірілген өнімді сақтайтын қойма салынды. Колхоздың атқа мінер қызметкерлеріне мініс көлік дайындалып, атқора тұрғызылды. Бұл аттарға екі адам күні-түні кезекпен қарап, күтімге алды. Ол уақытта колхозда бір-ақ «полуторка» автомашина болды. Автомашина колхоздың ішкі сыртқы жұмыстарынан артылмайды. Сондықтан бар шаруаны атпен жүріп бітіреді. Атқорада он ат бағымға алынды. Осы жұмысқа бөлінген екі адам аттарға жем, шөбін беру, уақтылы суару жұмыстарын тыңғылықты атқарып тұрды. Күтім жақсы болған соң жаман бола ма, бұрындары әр жұмысшы, малшының астында, иығынан ер түспей жүретін жануарлар мұнда келгелі сауыры жылтырап, реңі кіріп қойшы торыдан арғымаққа айнала бастады. Әсіресе, қорадағы осы аттардың ішінде бір көзі соқыр көк ат басқаларынан ерекшеліу көрінетін. Астауға салған жем, шөптен бас алмайтын басқа аттардай емес, жан жағына осықырына қарап, жалғыз жанарынан ұшқын атып тұратын. Бұрынырақ осы көк ат, ащы суға үйірлеу бір ағайынның қолына түседі де, кәйіп кезінде шауып келе жатып, қамшыны оңды, солды сілтеп жүргенде ұшы аттың көзіне тиіп ағызып жіберген көрінеді. Содан бері көк аттың ел ішінде «соқыр көк» деген лақап аты тарап кеткен. Мұнда келгелі жануардың жағдайы күрт өзгеріп, тектілік белгісін көрсете бастаған. Оның үстіне көк аттың бағы жанып, жылқы жайын жақсы білетін кісінің меншігіне бекітілді. Ол кісі Сейітхан есімді азамат, колхоздың майда мал фермасының меңгерушісі. Қай уақытта да бабы келіспесе жылқы жануар өзін көрсете алмайды. Соны жақсы түсінетін Сейітхан көк атты бабында ұстап мініп жүрді. Осылайша бабына келіп, бойына желік кірген көк ат, өзінің қатардағы тобыр емес, бойында бұрыққан қуаты бар арғымақ екенін бірде, ерекше қасиетімен көрсете білді. Қаңтар айының орта шені болатын. Малшылар қысқы қонысқа жайғасқан кезі. Сейітхан құмдағы қойшылардың шаруа жайын көріп қайтуға колхоз орталығынан көк атпен шығады. Қаңтар айының қысқы күнінде малшыларды толық аралап шығып, кешкілік Сарықұмда отырған қойшының үйіне қонады. Таңертең күн шапағы шашырап шығып, көтеріле бастаған кезде, шопан қойларды қорадан шығарып, түйесіне мініп отарды өрістетіп кетеді. Сәлден кейін-ақ сүт пісірім уақыт өтпей қойшының қатты айғайлаған дауысы естіледі. Қойшының жан айқайы, жайдан жай емес, отарға бөрі шабуы мүмкін. Айқайды есіткен Сейітхан асығыс көк атқа ер тұрманын салады да, қамшысын қолға алып солай қарай тұра шабады. Қорадан оншалықты ұзай қоймаған отарға жақындағанда байқағаны, шопан түйесімен малдың алдыңғы жағына шығып алып бір нәрсені қуалап, үркітіп жүрген тәрізді. Мән жайды Сейітхан енді шамалады. Өрістеп бара жатқан малға қарсы алдынан көк бөрі шапқан. Мал дүр етіп, көйін серпіліп үріккенде, сергек жүретін, шопан айқай салып бөрінің жолын кескен. Бірақ, түйелі адамнан секене қоймаған бөрі отардан оншалық ұзап кетпей, торуылдап жүріп алған. Көк жалдың

сыңайын байқаған шопан малдың алдын бері қайтармалап, үйдегілерден көмек сұрап, барынша айқайға басқан. Отардың шетіне жақындай бере, жан-жағын шолып келе жатқан Сейітхан, сонау шеттен желе жортып бара жатқан бөріні көзі шалып, солай қарай атқа қамшы басты. Өзіне қарай ентелеп шауып келе жатқан аттылы адамды көріп, көкжал да суырыла жөңкіді. Ыңғайы келсе қалың бұталы, жыра, өзекті пайдаланып, із суытып кетпек ойы бар. Бірақ қуғыншы қара үзіп қалатын емес. Біраздан шабыс көрмеген көк ат қолтығы сәгіліп, денесі қыза бастаған кезде, сондай жерде құйрығын қысып алып, зытып бара жатқан арлан бөріні жалғыз жанарымен анық байқады. Алдында не барын енді байқаса керек. Жалын сүзіп шабысын үдете түсті. Өкшелей қуып қалатын емес. Сейітхан шағын денелі кісі еді. Тізгін тартып көріп еді, ауыздықпен алысқан көк ат бой беретін емес. Сейітхан не де болса ат үстінде мықталып отыруға әрекет жасады. Аттың шабысы үдей түсіп, біртіндеп арлан бөріге жақындап келеді. Арлан артқы жаққа жалтақтап қарауды көбейтті. Бұл болдыра бастағанның белгісі. Талай қуғыннан айналасын асырып, құтылып кетіп үйренген әккі көкжалдың мына аттылыдан қара үзіп кетуі екі талай дүние болып тұр. Көк ат шапқан сайын жақындай түсіп, арланның апшысын қуырды. Міне, аңыз етіп айта беретін аттың сәйгүлігі осы болар. Тіптен құлақ түбінің тершігені болмаса, сауырыннан тер шықпаған. Арланның алғашқы қарқыны басылып, бүктетіле шоқырақтап, өзін өкшелей қуып келе жатқан аттылыға, тісін ақсита айбат шегіп, қауқын бұталарды паналап, айналып қашуды шығарды. Осылайша, айналыс көп, азулы жыртқыш көк аттылының қармағына ілініп, қауқарсыз күйге түсті. Ентелей төніп келген көк аттылыдан ес жия алмай айнала қашып, сілесі қатып, жалтарумен болды. Сейітханның қолында қамшыдан басқа қару жоқ. Сол бір сәтте ойына түсіп, ерден бір үзеңгі ағытып алды. Оңтайы келсе үзеңгімен тұмсықтан ұрып құлатпақ. Бірақ оған даланың көкжалы ыңғайын келтіретін емес. Әрі аттың тізесін ұрып алатын түрі бар. Қандай әрекет жасау керек. Ашулы арланмен бетпе бет келуге болмайды. Оқыс қимылдасаң өзіңе қауіп төндіруі мүмкін. Ат шаптырым, жерде малшының қыстауы көрініп тұр. Сейітхан қойшының иттерін шақырып барынша айқайлады. Атанның дауысы қайдан шығады деп, еліріп тұратын қойшының тоқ иттері шабалана үріп, шапқылап жетіп келмесі бар ма. Оның артынан шопанның жәрдемшісі жетті бір атпен. Келе сала екі төбет арланмен айқасты. Уақыт оздырмай енді осы бір сәтті пайдалану керек. Сексеуілдің жуандау тамырын сындырып алған әлгі жігіт иттерге айбат шегіп сақылдап тұрған бөріні артқа жағынан барып бөкседен ұрып мерткіртті де, әбжіл қимылдап, тұмсықтан барынша соқты. Тұмсықтан тиген қатты соққыдан көкжал бөрі созыла түсіп, қылжиып қалды. Бөрінің ерекше дене бітімі сол кезде байқалды. Дала тағысының табиғат берген ерен тұлғасы қажымас қайсарлықтың құдыретін паш етіп тұрғандай. Бөріні соғып алғандар сол жерде терісін сыпырып алып қанжығаға байлап, екі аттылы адамға беттеді. Көк әлі да бір шабыс жетіспей тұрғандай жалын сүзіп, шиыршық атып келеді. Соқталы жануардың бойында бұла күш, тынжысы бар ма, кім білсін. Біздің осынау самал ескен даламызда сауыры жазық, аузыменен құс тістеген небір сәйгүліктер болған ғой. Мына көк ат та өз дәуірінде бағы ашылмай жүрген ерен жүйріктің бірі болар.

Тілеубек **ЫБЫРАЙЫМОВ.**



Мамандығына шынайы берілген

Оны мен жас кезінен білемін. Елгезек, өз ісіне тындырымды, шаруаға икемді, қолға алған жұмысын бітіргенше тыным таппайтын. Сол қасиетімен мектепте оқып жүрген кезінің өзінде-ақ көпшіліктің назарына ілікті. Үнемі жақсы жағынан көрінетін оқушы баладан ұстаздары да мол үміт күтті.

Біз мақалаға арқау етіп отырған азамат Сәдуақас Бәйтенов Қызылкөл ауылындағы М.Әуезов атындағы орта мектептің түлегі. Ол білім хясынан білім алып қанаттанғаннан кейін шаруашылықта әкесіне көмекші шопан болып еңбек жолын бастады. «Жас келсе іске» демекші шопандық кәсіпті

ған ауыл әкімшілігіне келіп, еңбек жолын жалғастырды. Аудан орталығының тұрғындары С.Қаржаубайұлын кез келген уақытта үйлеріне шақырып, ауырған малдарын көрсетіп, тиісті емін алып жүр. Мал маманы ретінде ол үнемі ауырған малдарға қажетті дәрілерді егіп, аяғынан тұрып кетуіне септігін тигізуде.

Жаз айларында Бетпақтағы малдарды емдеуге де жиі барады. Мамандығына шынайы берілген азамат ауа-райының қолайсыздығына қарамастан көбінесе жолда жүреді.

Күнделікті қызметіме бара жатып, Сәдуақасты жиі кездестіремін. Хал-жағдай сұрасып қаламыз. Қайда кетіп



меңгере жүріп оның қыры мен сырына қанықты. Баласына Қаржаубай көкеміз де тәжірибесін ерінбей, жалықпай үйретті. Нәтижесінде Сәдуақас өзі бала кезінен жақсы көретін кәсіптің нағыз маманы болуды ойлап, Сарыағаштағы Қапсанбек зоовет техникумына оқуға құжат тапсырып, түсті. Аталған оқу орнын бітіріп келгеннен кейін шаруашылықта мал маманы қызметін атқарды. Кейін аудан орталығына ауысып, Шолаққор-

бара жатырсың десем: «Аға, бір кісінің сиыры ауырып қалыпты соған бара жатырмын,-дейді. Мал маманының мұндай сәтінде жиі ұшырасамын. Күнделікті тіршілікте барынша көпшілікке қызмет көрсетуге әзір тұратын С.Қаржаубайұлына алдағы кезде де жемісті еңбек тілеп, елдің алғысын арқалай бер дегім келеді.

Сәрсенбек **САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

**Абилпаттаев Ержан
БАКЫТЖАНОВИЧ**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**
Жауапты хатшы
Мақсат Қарғабай
Редакция құрамы:

Аға тілші-
Нұржамал МАЙУСОВА
Тілшілер-
Данияр БЕКОВ
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терішші-
Бағила АЯЗБАЕВА

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мөрімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
**161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97**

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.